

"Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 466 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2025 жылғы 4 шілдедегі № 270-н/қ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 4 шілдеде № 36400 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 466 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16240 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидалары" осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес мынадай жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жаңартылатын энергия көздері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

- 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
- 3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика

министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің міндетін атқарушы

C. Есимханов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
міндетін атқарушы
2025 жылғы 4 шілдедегі
№ 270-н/қ бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2017 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 466 бұйрығымен
бекітілген

Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 355) тармақшасына сәйкес әзірленген және аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінім мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді

қаржылық қамтамасыз ету түрлері мен оларды енгізу және қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

1) аукциондық баға – жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісі, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі өндіретін электр энергиясын бірынғай сатып алушысының сатып алуына арналған, аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша айқындалған және тиісті шекті аукциондық баға деңгейінен аспайтын баға;

2) аукциондық сауда-саттық – аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы аукцион негізінде электрондық жүйеде ұйымдастыратын және өткізетін, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін орналастыру, оның ішінде электр энергиясын жинақтау жүйелерімен жарақтандырылған жоспары ескеріле отырып, осы жаңа объектілерді, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудың жаңа объектілерін салу жөніндегі жобаларды іріктеуге және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндіретін электр энергиясының аукциондық бағаларын айқындауға бағытталған процесс;

3) аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімі – аукциондық сауда-саттық қорытындылары бойынша ұйымдастырушы қалыптастыратын және өткізілген сауда-саттық нәтижелерін растайтын құжат;

4) аукциондық сауда-саттыққа қатысушы (бұдан әрі – Қатысушы) – аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушыда тіркелген және қатысушы дәрежесін алған өтінім беруші;

5) аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) – уәкілетті орган айқындастырын, "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Занында (бұдан әрі – Зан) көзделген тәртіппен аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізуді жүзеге асыратын занды тұлға;

6) банктік кепілдік – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 қаңтардағы № 21 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14915 болып тіркелген) Банк кепілдіктері мен кепілгерлігін беру қағидаларына сәйкес ресімделген және банктің клиентке (борышкер тұлғаға) оның өтініші негізінде үшінші тұлғаның (кредитор тұлғаның) пайdasына берілетін жазбаша құжат, осы құжат негізінде онда көрсетілген шарттарға сәйкес банк шекті соманы үшінші тұлғаға (кредитор тұлғаға) төлеуге міндеттенеді;

7) белгіленген қуаттың рұқсат етіletіn ең az көлемі – одан төмен болса қатысушы жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объекті құрылышының жобасын іске асыра алмайтын белгіленген қуаттың көлемі;

8) бенефициар – пайdasына төлем және (немесе) ақша аудару жүзеге асырылатын тұлға;

9) борышкер тұлға – эмитент банкке бенефициар пайдастына банк кепілдігін немесе резервтік аккредитивті шығаруға тапсырма беретін заңды тұлға;

10) бір жақты аукцион – аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдерін аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың сарапанған тізімінен бірізді іріктеу жолымен жеңімпаздарды анықтауға бағытталған аукциондық сауда-саттықты үйымдастыру нысаны;

11) жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі – ЖЭК) – табиғи жаратылыс процестері есебінен үздіксіз жаңартылатын энергия көздері, олар мынадай түрлерді қамтиды: күн сәулесінің энергиясы, жел энергиясы, гидродинамикалық су энергиясы; геотермальдық энергия: топырақтың, жерусті және жерасты су объектілерінің жылуы; сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: тұтыну қалдықтары, биомасса, биогаз және электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын тұтыну қалдықтарынан алынатын өзге де отын;

12) жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы (бұдан әрі – Қаржы-есеп айырысу орталығы) – уәкілетті орган айқындаған, осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясын сатып алу-сату шарттарының тарапы болып табылатын заңды тұлға;

13) ЖЭК объектілерінің барынша рұқсат етілген қуаты – электр энергетикалық жүйенің техникалық мүмкіндіктеріне сүйене отырып анықталған, электр желісіне қосылатын күн және жел электр станциялары қуатының барынша рұқсат етілген көлемі;

14) ЖЭК пайдалану объектісі – ЖЭК пайдалана отырып, электр энергиясын өндіруге арналған техникалық құрылғылар және ЖЭК пайдалану объектісін пайдалану үшін технологиялық тұрғыдан қажетті және ЖЭК объектісі меншік иесінің балансындағы, олармен өзара байланысты құрылыштар мен инфрақұрылым;

15) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату – органикалық қалдықтардан биогаз және өзге де отын алуды қоспағанда, қалдықтардың көлемін азайту және энергия алу, оның ішінде оларды екінші реттік және (немесе) энергетикалық ресурстар ретінде пайдалану мақсатында оларды термиялық өндіреу процесі;

16) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объект – қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуға арналған техникалық құрылғылар мен қондырғылардың және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату үшін технологиялық тұрғыдан қажетті, олармен өзара байланысты құрылыштар мен инфрақұрылымның жиынтығы;

17) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган – қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган, сондай-ақ оның аумақтық органдары;

18) өтінім беруші – аукциондық сауда-саттыққа қатысады жоспарлайтын заңды тұлға немесе консорциум;

19) резервтік аккредитив – жағдай орын алған (борышкер тұлға бенефициар алдында міндеттемелерін орындаған) кезде бенефициар пайдасына аккредитив бойынша соманы төлеуге банк міндеттемесі. Резервтік аккредитив SWIT жүйесі бойынша шығарылады;

20) сараланған тізім – аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдерінде көрсетілген бағалардың өсуі бойынша реттелген өтінімдер тізімі;

21) сатып алу шарты – қаржы-есеп айырысу орталығы мен ЖЭК немесе қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым арасында жасалатын, ЖЭК немесе қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын аукциондық бағамен сатып алу шарты;

22) сауда жүйесі – интернет арқылы аукциондық сауда-саттықты өткізу үшін қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық, техникалық, бағдарламалық компоненттер кешені;

23) сауда сессиясы – аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың өтінім беруін, аукциондық сауда-саттық бағаларын, көлемдерін анықтау кезінде жүзеге асырылатын және аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімі қалыптастырылатын процесс ;

24) уәкілетті орган – жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

25) шекті аукциондық баға – электр энергиясына аукциондық бағаның ең жоғары шамасы;

26) электр желісіне қосылу нүктесі – энергия өндіруші ұйымның жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісін, энергия өндіруші ұйымның қалдықтарын энергетикалық кәдеге жарату объектісін энергия беруші ұйымның электр желісіне физикалық қосу орны.

3. ЖЭК пайдаланудың жаңа объектілерін салу бойынша жобаларды іріктеу және ЖЭК пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясының аукциондық бағаларын айқындау ЖЭК пайдаланудың жаңа объектілерін салу бойынша жобаның дайындалған негізгі параметрлерімен (бұдан әрі – Кұжаттама) және/немесе құжаттамасы жок аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу арқылы жүргізіледі.

4. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясының аукциондық бағаларын айқындау осы Қағидалардың 2-тарауы 9-

параграфына сәйкес қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілерді салу бойынша дайындалған негізгі ақпаратпен аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу арқылы жүргізіледі.

5. Аукциондық сауда-саттық мынадай түрлерге жіктеледі:

- 1) құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттық;
- 2) құжаттамасыз қосылу нұктесі мен жер учаскесі бар аукциондық сауда-саттық (бұдан әрі – құжаттамасыз аукциондық сауда-саттық);
- 3) құжаттамасыз қатысуышының қосылу нұктесі мен жер учаскесі бар еркін аукциондық сауда-саттық (бұдан әрі – Еркін аукциондық сауда-саттық).

2-тaraу. Аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1-параграф. Аукциондық сауда-саттыққа дайындық

6. Уәкілетті орган осы Ережелердің 5-тarmaғында көрсетілген аукциондық сауда-саттықтың тиісті түрін өткізу болжанатын күнінен кемінде 1 (бір) ай бұрын осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес аукциондық сауда-саттықтың өткізу графигін (хабарландыру) (бұдан әрі – График) әзірлейді және өзінің интернет-ресурсында жариялады.

Графикте көрсетілген ақпарат түзетілмейді.

7. ЖЭК пайдалану объектісінің құрылышы және оны пайдалану Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі мен электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

ЖЭК жаңа объектісінің құрылышы деп танылатын жаңа генерациялайтын жабдықты іске қосу шартымен олардың пайдалану сипаттамаларын және су пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында қолданыстағы гидротехникалық құрылыштарды реконструкциялай отырып, судың гидродинамикалық энергиясын пайдаланатын объектілердің құрылышына жол беріледі.

Бұл ретте ЖЭК пайдалану объектісінің құрылышы (бұдан бұрын пайдалануда болмаған) жаңа генерациялық жабдықты пайдалана отырып жүзеге асырылады.

8. Аукциондық сауда-саттық Графикте көрсетілген құрылышқа жоспарланған объектілер үшін электр желілерінің нұктелеріне және резервтелген жер учаскелеріне қосылу мүмкіндігі туралы ақпаратқа сәйкес жүргізіледі.

9. Аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін құжаттарды қабылдау және өтінім берушілерді тіркеу уәкілетті орган бекіткен Графикте көрсетілген мерзімдерде Ұйымдастырушы тарапынан жүзеге асырылады.

10. Өтінім беруші аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз етуге қатысты түпнұсқа құжаттарды осы Қағидалардың 7-параграфына сәйкес аукциондық сауда-саттықтың басталу күнінен кемінде 2 (екі) жұмыс күні бұрын есеп айырысу-қаржы орталығына ұсынады.

11. Осы Ережелердің 29-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларына немесе 30 - тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларына сәйкес өтінім беруші құжаттар ұсынған жағдайда, өтінім беруші мен Ұйымдастыруши арасында шарт жасалғаннан кейін және Ұйымдастырушының қызметтері үшін төлем жүргізілген соң, Ұйымдастыруши өтінім берушіге аукциондық сауда-саттыққа қатысушы мәртебесін береді.

Бұл ретте осы Қағидалардың 5-тармағының 3) тармақшасында көзделген аукциондық сауда-саттықтарға қатысу үшін осы Қағидалардың 30-тармағының 7) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсыну жүзеге асырылмайды.

12. Ұйымдастыруши аукциондық сауда-саттықтың өткізілу Графигіне немесе құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттықтың өткізілуі туралы хабарландыруға сәйкес, аукциондық сауда-саттықтың басталу күнінен 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын құжаттарды қабылдауды бастайды және 5 (бес) жұмыс күні бұрын құжаттарды қабылдауды тоқтатады.

Бұл ретте Ұйымдастыруши Графикке сәйкес, аукциондық сауда-саттық басталуына 5 (бес) жұмыс күні қалғанға дейін ұсынылған құжаттарды 2 (екі) жұмыс күні ішінде қарайды және егер олар осы Қағидалардың 29-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларына немесе 30-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларына сәйкес келмеген жағдайда, бас тарту себебі көрсетілген электрондық пошта арқылы өтінім берушіге хабарлама жолдай отырып, оны тіркеуден бас тартады.

Ұйымдастырушыдан тіркеуден бас тарту туралы хабарлама алғаннан кейін өтінім беруші бұдан бұрын ұсынылған құжаттарды хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде толықтырады және (немесе) өзгертеді.

13. Қатысушының сауда-саттық жүйесіне қол жеткізе алғатын қызметкерлердің тізімі, реквизиттері өзгерген жағдайда, қатысушы бұл туралы аукциондық сауда-саттық басталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын реєсми хат арқылы Ұйымдастырушыны хабардар етеді.

14. Сауда жүйесіне қол жеткізу құқығын беретін құпия сөз (пароль) үшінші тұлғаларға берілмейді.

15. Ұйымдастырушының қызметтеріне арналған тарифтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады және өтінім беруші мен Ұйымдастыруши арасында жасалатын шарт (бұдан әрі – Шарт) негізінде төленеді.

16. Шартта мыналар:

- 1) Шарттың мәні, Ұйымдастыруши көрсететін қызмет түрлері, төлем мерзімдері мен тәртібі;
- 2) Аукциондық сауда-саттыққа қатысу және оған жіберілу үшін өтінім берушіге қойылатын өлшемшарттар мен талаптар;
- 3) Аукциондық сауда-саттықты өткізу әдістері;
- 4) Ұйымдастыруши қызметтері үшін төлемді өтінім берушіге қайтару шарты;

5) Шарт талаптарын бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі көрсетіледі.

17. Аукциондық сауда-сатықты ұйымдастыру және өткізу мақсатында Ұйымдастыруши:

1) аукциондық сауда-сатықты өткізуге арналған сауда жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

2) аукциондық сауда-сатықты өткізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар мен регламенттерді әзірлейді және бекітеді;

3) Қатысуышыларға аукциондық сауда-сатыққа тен дәрежеде қол жеткізуі қамтамасыз етеді;

4) Қатысуышылардың қызметкерлеріне сауда жүйесінде жұмыс істеу бойынша нұсқама өткізеді;

5) аукциондық сауда-сатықты ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша уәкілетті органмен және есеп айырысу-қаржы орталығымен өзара іс-қимыл жасайды;

6) аукциондық сауда-сатық жеңімпаздарының тізілімі ресми интернет-ресурсында жариялады.

2-параграф. Құжаттамасы бар аукциондық сауда-сатық

18. Құжаттаманы дайындау үшін уәкілетті орган есеп айырысу-қаржы орталығына ағымдағы жылғы қаңтар айында алдағы екі жылға жоспарланған ЖЭК пайдалану объектілерінің түрлері, олардың орналасатын орындары (жер участкелерін көрсете отырып) және белгіленген қуат көлемі туралы ақпаратты ұсынады.

Жүйелік оператор уәкілетті органның сұрау салуы бойынша ағымдағы жылғы қаңтар айында есеп айырысу-қаржы орталығына құжаттамасы бар аукциондық сауда-сатық үшін электр желілеріне қосылу мүмкін болатын нүктелер туралы ақпаратты береді.

19. Есеп айырысу-қаржы орталығы аукциондық сауда-сатықты өткізу күніне дейін кемінде 3 (үш) ай бұрын құны көрсетілген құжаттаманы Ұйымдастырушига ресми интернет-ресурсқа орналастыру үшін жолдайды.

Ұйымдастыруши құжаттаманы алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде аукциондық сауда-сатықтың өткізу күнін жариялады. Бұл ретте құжаттамасы бар аукциондық сауда-сатықтың өткізілу күні аукциондық сауда-сатықты өткізгенге дейін кемінде 1 (бір) ай бұрын жарияланады.

20. Құжаттама мыналарды:

1) жаңа ЖЭК пайдалану объектісін салу бойынша бастапқы деректерді, маркетингтік зерттеулерді, оның ішінде ресурстық әлеуетті бағалауды;

2) қоғамдық тыңдаулар мен қоршаған ортаға әсердің алдын ала бағалауының нәтижелерін;

3) техникалық сипаттамалар мен жерді сатып алу/жалдау шығындарын, салықтарын ескере отырып, жер участкесінің орналасу орнын;

4) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 210 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 10899 болып тіркелген) Электр желілері қағидаларына (бұдан әрі – Электр желілері қағидалары) сәйкес өзірленген және келісілген қосудың қуатты беру схемасы мен техникалық қосылу шарттарын қамтиды.

Құжаттаманы құжаттама өзірлеушісі өзірлейді немесе уәкілетті орган есеп айырысу-қаржы орталығына тапсырады.

21. Сауда жүйесінің деректер базасына тіркелу үшін өтінім беруші Ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсына мынадай:

осы Қағидалардың 29-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 10) тармақшаларына сәйкес қоса алғанда, белгіленген қуатының көлемі 499 МВт-қа дейін болатын, ЖЭК пайдалану объектілерін салу жобалары бойынша;

осы Қағидалардың 30-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 7) және 8) тармақшаларына сәйкес белгіленген қуатының көлемі 499 МВт-тан асатын ЖЭК пайдалану объектілерін салу жобалары бойынша құжаттарды электрондық форматта ұсынады.

22. Есеп айырысу-қаржы орталығы техникалық тапсырмаға сәйкес конкурсстық іріктеуге қатысуға арналған әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін қарау, оларға рұқсат беру және құжаттама өзірлеушіні айқындау үшін конкурсстық комиссияны құрады.

3-параграф. Құжаттамасыз аукциондық сауда-саттық

23. Құжаттамасыз, қосылу нүктесі мен жер участкесі бар аукциондық сауда-саттықтың графигінде ЖЭК объектісін салу үшін бөлінуі жоспарланған жер участкелері туралы және электр энергиясын беруші ұйымдардың электр желілеріне қосылу нүктелері туралы, сондай-ақ рұқсат етілген ең жоғары қуат пен қосылуға болатын мүмкін қосылымдар саны көрсетілген ақпарат қамтылады.

24. Облыстардың, республикалық маңызы бар қала және астананың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (бұдан әрі – Жер кодексі) сәйкес, аукциондық сауда-саттықтың женімпаздарына жер участкесіне құқық берілген сәтке дейін Заңның 7-бабының 3-1) тармақшасына сәйкес салуға жоспарланған ЖЭК пайдалану объектілеріне арналған жер участкелерін резервке қоюды жүзеге асырады және тиісті ақпаратты уәкілетті органға Графиктің 1-кестесіне сәйкес нысан бойынша жібереді.

25. Электр энергиясын беруші ұйымдар уәкілетті органға ұсынған электр желісіне қосылу нүктелері ЖЭК пайдалану объектілерінің құрылышын жоспарлау үшін, аукциондық сауда-саттықтың женімпазы электр желісіне қосылуға шарт жасасқанға және (немесе) техникалық шарттар берілгенге дейін резервке қойылады және тиісті ақпарат Графиктің 2-ші кестесіне сәйкес нысанда уәкілетті органға жолданады.

26. График жарияланған сәттен бастап, График бойынша жоспарланған барлық аукциондық сауда-саттық аяқталғанға дейін, электр энергиясын беруші ұйымдар

Графикте көрсетілген электр желісіне резервке қойылған қосылу нұктелері бойынша техникалық шарттарды алу үшін өтінімдерді қабылдауды уақытша тоқтатады.

27. Сауда жүйесінің деректер базасына тіркелу үшін өтінім беруші Ұйымдастырушиның ресми интернет-ресурсына мынадай:

осы Қағидалардың 29-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 7), 8) және 9) тармақшаларына сәйкес қоса алғанда, белгіленген қуатының көлемі 499 МВт-қа дейін болатын ЖЭК пайдалану объектілерін салу жобалары бойынша.

Бұл ретте күн сәулесі мен жел энергиясын пайдаланатын объектілерді салу жобалары бойынша аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін осы Қағидалардың 29-тармағының 7), 8) және 9) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсыну жүзеге асырылмайды;

осы Қағидалардың 30-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 7) және 8) тармақшаларына сәйкес белгіленген қуатының көлемі 499 МВт-тан асатын ЖЭК пайдалану объектілерін салу жобалары бойынша құжаттарды электрондық форматта ұсынады.

4-параграф. Еркін аукциондық сауда-саттық

28. Еркін аукциондық сауда-саттықтың Графигі Системалық оператордың облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана және (немесе) Біртұтас энергетикалық жүйенің аймақтары бойынша сатып алатын қуат көлемі туралы ақпарат негізінде уәкілетті органмен қалыптастырылады және жарияланады.

Сауда жүйесінің деректер базасына тіркелу үшін өтінім беруші Ұйымдастырушиның ресми интернет-ресурсында мынадай:

осы Қағидалардың 29-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларына сәйкес қоса алғанда, белгіленген қуатының көлемі 499 МВт-қа дейін болатын ЖЭК пайдалану объектілерін салу жобалары бойынша;

осы Қағидалардың 30-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 9) және 10) тармақшаларына сәйкес белгіленген қуатының көлемі 499 МВт-тан асатын ЖЭК пайдалану объектілерін салу жобалары бойынша құжаттарды электрондық түрде ұсынады;

Еркін аукциондық сауда-саттық шеңберінде жүзеге асырылатын жел және күн электр станциялары мынадай электр қуатын сақтау жүйелерімен жабдықталады:

жел электр станциялары үшін — объектінің орнатылған қуатынан кемінде 30 % қуатпен және қуаты кемінде екі сағат бойы беру мүмкіндігін қамтамасыз ететін сыйымдылықпен;

күн электр станциялары үшін — объектінің орнатылған қуатынан кемінде 30 % қуатпен және қуаты кемінде төрт сағат бойы беру мүмкіндігін қамтамасыз ететін сыйымдылықпен электр энергиясының қуатын сақтау жүйелерімен жабдықталады.

Энергия сақтау жүйелерінің пайдалану мерзімі Электр энергиясын сатып алу-сату туралы шарттың әрекет ету мерзіміне сәйкес болуы тиіс.

5-параграф. Аукциондық сауда-саттыққа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптары

29. Белгіленген қуатының көлемі 499 МВт-қа дейінгі ЖЭК пайдалану объектілері құрылсының жобалары бойынша аукциондық сауда-саттықтың қатысушыларына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі мынадай құжаттарды қоса алғанда:

- 1) Жарғы көшірмесін;
 - 2) занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтаманың көшірмесін;
 - 3) бірінші басшыны тағайындау туралы занды тұлғаның тиісті органы шешімінің көшірмесін;
 - 4) өкілге берілетін сенімхатты (мүдделерді білдіруді бірінші басшы жүзеге асырмagan жағдайда);
 - 5) занды тұлғаның деректемелері туралы ақпаратты (банк деректемелері, мекенжайы, байланыс телефондары, электрондық мекенжайы);
 - 6) аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етуді енгізу ;
 - 7) Графикке сәйкес электр желілеріне қосылу нұктелерін көрсетуге не Электр желілік қағидаларға сәйкес берілген және келісілген электр желісіне қосуға арналған техникалық шарттардың көшірмесін;
 - 8) Графикке сәйкес жер учаскесін көрсетуге не Жер кодексіне сәйкес жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелерін ұсыну жолымен расталады.
- Бұл ретте осы Қағидалардың 5-тармағының 2) және 3) тармақшасында көрсетілген аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін, сондай-ақ күн сәулесінің энергиясын, жел энергиясын, судың гидродинамикалық энергиясын, тұтыну қалдықтарын, биомассаны, биогазды және тұтыну қалдықтарынан алынған өзге де отынды пайдаланылатын электр энергиясын өндіруге арналған объектілерді салу жобалары бойынша құрылсың жоспарланып отырған жер учаскесіне тиісті нысаналы мақсаты бар құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері ұсынылады;
- 9) Электр желілік қағидаларға сәйкес әзірленген, мәлімделген электр қуаты 5 МВт болатын және одан да жоғары "Электр станциясының қуатын беру схемасын" жүйелік оператордың немесе Графикке сәйкес электр желілеріне қосылу нұктелерін көрсете отырып келісу хатының көшірмесін;
 - 10) құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттыққа қатысатын қатысушылар үшін Ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастырылған құжаттамамен Қатысушыны таныстыру туралы растау хатын ұсыну жолымен расталады.

30. Белгіленген қуаты 499 МВт жоғары болатын ЖЭК пайдалану объектілері құрылсының жобалары бойынша 5-тармақтың 1 және 2-тармақшаларында көрсетілген аукциондық сауда-саттықтың қатысушыларына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі мынадай құжаттарды:

- 1) Жарғы көшірмесін;

2) занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтаманың көшірмесін;
3) бірінші басшыны тағайындау туралы занды тұлғаның тиісті органы шешімінің көшірмесін;

4) өкілге сенімхатты (мұдделерді білдіруді бірінші басшы жүзеге асырмаған жағдайда);

5) занды тұлғаның деректемелері туралы ақпаратты (банк деректемелері, мекенжайы, байланыс телефондары, электрондық мекенжайы);

6) аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған етінімді қаржылық қамтамасыз етуді енгізу;

7) осы Қағидалардың 31-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында жиынтық белгіленген қуаты кемінде 100 МВт болатын ЖЭК-ті пайдалану жөніндегі объектілерді инвестициялау, салу және пайдалануға беру жөніндегі тәжірибелі болуын растайтын құжаттарды ұсыну жолымен расталады;

8) түпкілікті меншік иелерінің, Қазақстан Республикасы азаматтарының және/немесе Қазақстан Республикасы занды тұлғаларының шетелдік қатысусыз акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлесі) кемінде 51 % (елу бір пайыз) құрайтынын растайтын құжаттары бар құжаттарды қабылдау кезеңі басталған күннен erte емес жағдай бойынша түпкілікті бенефициарларға дейінгі меншік иелерінің құрылымы және аукциондық сауда-саттыққа қатысушының шешімдерін айқындау мүмкіндігін қамтамасыз етеді (қамтамасыз етеді).

9) Графикке сәйкес электр желілеріне қосылу нұктелерін көрсету не Электр желілік қағидаларға сәйкес берілген және келісілген электр желісіне қосуға арналған техникалық шарттардың көшірмесін;

10) Графикке сәйкес жер учаскесін көрсету не Жер кодексіне сәйкес жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелерін ұсыну жолымен расталады.

Бұл ретте осы Қағидалардың 5-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген аукциондық сауда-саттықтарға қатысу үшін, сондай-ақ күн сәулесі энергиясын, жел энергиясын, судың гидродинамикалық энергиясын, тұтыну қалдықтарын, биомассаны, биогазды және электр энергиясын өндіру үшін тұтыну қалдықтарынан өзге де отынды пайдаланатын объектілер құрылышының жобалары бойынша объектінің құрылышы жоспарланатын тиісті нысаналы мақсаты бар жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері ұсынылады.

Бұл ретте осы Қағидалардың 5-тармағының 3) тармақшасында көзделген аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін осы тармақтың 7) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсыну жүзеге асырылмайды.

31. Қазақстан Республикасында тиісті түрдегі ЖЭК пайдалану жөніндегі объектілерді инвестициялау, салу және пайдалануға беру жөніндегі тәжірибе деп аталған ЖЭК пайдалану жөніндегі объектінің меншік иесі болып табылатын, Қазақстан Республикасында тіркелген занды тұлға акцияларының (жарғылық капиталға қатысу

үлестерінің) кемінде 20 %-ы аукциондық сауда-саттыққа сәйкес келетін ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні пайдалануға беру күніне тікелей немесе жанама түрде иелену түсініледі.

Аукциондық сауда-саттыққа қатысушы, қуаты 499 МВт-тан асатын ЖЭК пайдалану объектілерін салу жобалары бойынша 30-баптың 7) тармақшасында көзделген тәжірибесінің бар екенін растайды, ол не өзінде, не тікелей немесе жанама түрде аукциондық сауда-саттыққа қатысушының 51%-дан астам акцияларына (қатысу үлестеріне) иелік ететін жеке және/немесе заңды тұлғаларда болуы мүмкін, бұл үшін мемлекеттік уәкілдегі органдарда тіркелген ЖЭК пайдалану объектілерін пайдалануға енгізу актілерінің көшірмелерін, аталған актілерді тіркеген күнге сәйкес тіркелген заңды тұлғалар туралы мәліметтерді және аталған актілер тіркелген күнге сәйкес тіркеу немесе құрылтай құжаттарының көшірмелерін ұсынады.

32. Белгіленген қуаты 499 МВт жоғары ЖЭК пайдалану объектілерін салу жобалары бойынша аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы ЖЭК пайдалану жөніндегі объектімен бір мезгілде ЖЭК пайдалану жөніндегі объектінің белгіленген қуатының кемінде 30 % қуаты бар электр энергиясын сақтау жүйесін және сатып алу шартының қолданылу мерзіміне сақтай отырып, екі сағат ішінде қуат беру үшін жеткілікті сыйымдылықты салу және пайдалануға беруді қамтамасыз етеді.

Жоба сатып алу шарты бойынша құқықтар мен міндеттемелерді қайта табысталмай іске асырылады.

33. Банктік кепілдік түріндегі аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету қаржы-есеп айырысу орталығының пайdasына шығарылған резервтік аккредитив бойынша ұсынылады.

6-параграф. Өтінімнің мазмұны және оны беру тәртібі

34. Аукциондық сауда-саттық Ұйымдастырушының сауда жүйесінің интернет-ресурсы арқылы интернет желісін пайдалана отырып, қашықтықтан анонимді өткізіледі.

35. Аукциондық сауда-саттық бір жақты аукцион түрінде өткізіледі.

36. Аукциондық сауда-саттықты өткізу кезіндегі сауда сессиясы осы Қағидалардың 6-тармағына немесе қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық өткізу жағдайында, 85-тармағының 7) тармақшасына сәйкес белгіленетін мерзімдерде өткізіледі және 30 (отыз) минутқа созылады.

Бұл ретте сауда сессиясы аяқталғанға дейін бес минут ішінде аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардан қолда бар ең төменгі ұсыныстан төмен бағамен өтінім түскен кезде сауда сессиясы 5 (бес) минутқа ұзартылады.

37. Сауда сессиясы ашылғанға дейін Ұйымдастырушы:

1) сауда жүйесіне белгіленген қуатты іріктеуге жоспарланған көлемдері туралы ақпаратты, шекті аукциондық бағаны Графикке сәйкес өзге де ақпаратты енгізеді;

2) уәкілетті органнан алынған жоспарланған ЖЭК пайдалану объектілері үшін резервтелген жер участеклерінің болуы және электр желілеріне қосу нұктелері бойынша ең жоғары рұқсат етілетін қуатты көрсете отырып, энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне қосу мүмкіндігі жөнінде сауда жүйесіне ақпарат енгізеді.

3) сауда жүйесіне аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету шамалары туралы қаржы-есеп айырысу орталығынан алған ақпаратты енгізеді;

4) сауда жүйесіне осы Қағидалардың 29-тармағының 7) және 8) тармақшаларына және 30-тармағының 9) және 10) тармақшаларына сәйкес жер участеклері және электр желілеріне қосылу нұктелері туралы ақпарат енгізеді.

38. Сауда сессиясын өткізу рәсімі мыналарды қамтиды:

1) Ұйымдастыруышының сауда сессиясын ашуы;

2) қатысушылардың сауда жүйесінде аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді беруі;

3) Ұйымдастыруышының сауда сессиясын жабуы;

4) аукциондық бағаларды айқындауды қоса алғанда, аукциондық сауда-саттықтың қорытындысын шығару;

5) Ұйымдастыруышының аукциондық сауда-саттық женімпаздары тізілімін қалыптастыруды және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оны өзінің интернет-ресурсында жариялауы.

39. Қатысушының аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінімінде мынадай негізгі мәліметтер қамтылады:

1) қатысушының атауы;

2) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрсетілген, бөлу белгісінен кейін екі киловатт-сағат үшін электр энергиясының бағасы ҚҚС-сыз;

3) белгіленген қуат көлемі 100 киловаттан кем емес және 1 (бір) киловатқа тең;

4) ЖЭК пайдалану объектісінің салуы жоспарланатын жер участекі және электр желісіне қосу нұктесі;

5) белгіленген қуаттың ең аз рұқсат етілген көлемі.

Бұл ретте Қатысушылар өтінімде осы Қағидалардың 29-тармағының 7) және 8) тармақшаларына және 30-тармағының 9) және 10) тармақшаларына сәйкес Ұйымдастыруыша ұсынылған электр желісіне қосуға берілген техникалық шарттарға сәйкес жер участекі және электр желісіне қосылу нұктесі туралы тиісті деректерді көрсетеді не кестеден тиісті деректерді таңдайды.

40. Қатысушылар сауда жүйесіне аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді сауда сессиясын өткізу барысында береді, бұл ретте өтінімдерде көрсетілген бағалар тиісті шекті аукциондық бағалар шамасынан аспауға тиіс.

41. Қатысушылар сауда сессиясы барысында берген, бағалары сауда жүйесіне берілген басқа Қатысушылардың аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерінде көрсетілген бағалармен бірдей аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер қабылданбайды.

42. Қатысушылар осы Қағидалардың 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға мыналардан аспайтын көлемдерді көрсете отырып, өтінім береді:

- 1) уәкілетті орган аукциондық сауда-саттыққа шығарған белгіленген қуат көлемі;
- 2) электр желілеріне қосу нұктелері бойынша ең жоғары рұқсат етілетін қуат көлемі ;
- 3) аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету шамасы .

Құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттық өткізу кезінде қатысушыдан аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету шегінде аукциондық сауда-саттыққа қойылған жобаның белгіленген қуатының толық көлеміне тең өтінім беріледі.

43. Осы Қағидалардың 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген аукциондық сауда-саттыққа өтінімдер берген кезде қатысушылар әрбір қосылу нұктесіне және жер участкесіне қатысты аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету шегінде жеке-жеке өтінім береді.

44. Қатысушылар бір мезгілде ЖЭК пайдалану объектілерін салу жоспарланып отырған бірнеше жер участкелеріне және аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген әрбір өтінімді қаржылық қамтамасыз ету шегінде электр желісіне қосудың бірнеше нұктелеріне осы Қағидалардың 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер бере алады.

45. Сауда жүйесіне аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінім берген Қатысушы оны аукциондық сауда-саттықтан алыш тастай алмайды.

46. Қатысушылар өз қалауы бойынша аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қабылдау уақыты аяқталғанға дейін бұрын берілген өтінімді жаңа өтінім беру жолымен өзгертереді.

Бұл ретте қатысушылар жаңа өтінімдегі бағаны алдыңғы минималды өтінімдегіден төмен көрсетеді, ал бұрын берілген өтінімнің көлемі өзгертуге жатпайды.

Сауда сессиясының негізгі уақыты – 30 (отыз) минут ішінде бағаны өзгерту қадамы өз өтінімінен кемінде 1 (бір) киловатт-сағат үшін 5 (бес) тиын және минималды бағаның 1 (бір) киловатт-сағат үшін 2 (екі) тенгеден аспауы тиіс. Сауда сессиясын 5 (бес) минутқа ұзарту кезеңінен бастап бағаны өзгерту қадамы өз өтінімінен кемінде 1 (бір) киловатт-сағат үшін 50 (елу) тиын және минималды бағаның 1 (бір) киловатт-сағат үшін 2 (екі) тенгеден аспауы тиіс.

47. Сауда жүйесіне аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді беру күні мен уақытын тіркеуді миллисекундке дейінгі дәлдікпен Ұйымдастырушы жүзеге асырады.

7-параграф. Аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлері және оларды енгізу мен қайтару шарттары

48. Қатысуышылар қабылдаған міндеттемелерді, сондай-ақ аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарында туындаитын міндеттемелерді орындау кепілдігі мақсатында аталған тұлғалар осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және шарттарда қаржылық қамтамасыз етуді енгізеді.

Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қаржылық қамтамасыз ету туралы ақпарат құпия болып табылады және жариялауға жатпайды.

49. Қаржылық қамтамасыз ету үшінші тұлғалардың талап ету құқықтарынан, сондай-ақ қатысуышының және (немесе) аукциондық сауда-саттық жеңімпазының басқа міндеттемелерінен ерікті болуы тиіс.

50. Банктік кепілдік немесе резервтік аккредитив бойынша төленген талап нәтижесінде алынған ақша қаржы-есеп айырысу орталығының резервтік қорының арнағы шотына аударылады және (немесе) қаржы-есеп айырысу орталығы осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес құжаттаманы дайындауға жібереді.

51. Қаржылық қамтамасыз етуді енгізу және қайтару шарттары осы параграфқа сәйкес анықталады.

52. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етуді өтінім берушілер ұйымдастырушыға ұсынады және ол осы Қағидаларда көзделген шарттар мен мерзімдерде аукциондық сауда-саттық жеңімпазы болып анықталған жағдайда қаржы-есеп айырысу орталығымен сатып алу шартын жасауға және сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге кепілдік болып табылады.

53. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 164 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10662 тіркелген) Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларына (бұдан әрі – Электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу-сату қағидалары) сәйкес қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарында барлау жұмыстарын жүргізуге арналған қаржылық қамтамасыз ету аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде есеп айырысу-қаржы орталығына ұсынылады.

54. Сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары тарағынан электр энергиясын

орталықтандырылған сатып алу-сату қағидаларына сәйкес, сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде есеп айырысу-қаржы орталығына ұсынылады.

55. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету қаржы-есеп айырысу орталығының пайдасына шығарылады және оған аукциондық сауда-саттық басталатын күнге дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылады.

56. Қаржы-есеп айырысу орталығы Ұйымдастыруышыға сомаларды көрсете отырып, қаржылық қамтамасыз етуі бар өтінім берушілердің тізімін аукциондық сауда-саттық басталғанға дейін 2 (екі) сағат бұрын жібереді.

57. Өтінім беруші аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етудің SWIFT жүйесі бойынша шығарылған мына түрлерінің бірін таңдайды:

- 1) банк кепілдігі;
- 2) резервтік аккредитив.

58. Қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету мөлшері:

1) құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттықта – Графикте көрсетілген ЖЭК пайдалану объектісінің белгіленген қуатына көбейтілген белгіленген қуаттың 1 (бір) киловатына 5000 (бес мың) теңге;

2) белгіленген қуаты 499 МВт-қа дейін қоса алғанда, ЖЭК объектілерін салу жобалары бойынша құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықта – аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімде көрсетілген ЖЭК пайдалану объектісінің белгіленген қуатына көбейтілген белгіленген қуаттың 1 (бір) киловатына 2000 (екі мың) теңге;

3) белгіленген қуаты 499 МВт-тан асатын ЖЭК объектілерін салу жобалары бойынша құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықта – аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімде көрсетілген ЖЭК пайдалану объектісінің белгіленген қуатына көбейтілген белгіленген қуаттың 1 (бір) киловатына 5000 (бес мың) теңге.

4) ЖЭК объектілерін салу жобалары бойынша орнатылған қуаты 499 МВт қоса алғанда болатын көлемдегі еркін аукциондық сауда-саттыққа қатысқанда – аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген өтінімде көрсетілген ЖЭК объектісінің орнатылған қуатына көбейтілген 1 (бір) киловатт орнатылған қуат үшін 2000 (екі мың) теңге мөлшерінде;

5) ЖЭК объектілерін салу жобалары бойынша орнатылған қуаты 499 МВт-тан асатын көлемдегі еркін аукциондық сауда-саттыққа қатысқанда – аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген өтінімде көрсетілген ЖЭК объектісінің орнатылған қуатына көбейтілген 1 (бір) киловатт орнатылған қуат үшін 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде.

59. Банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив түрінде өтінім берушімен енгізілген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету қаржы-есеп айырысу орталығымен тиісті хатты аукциондық сауда-саттықты өткізген күнінен

бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде банкке (банктерге) жолдау арқылы мына жағдайлардың бірі туындаған кезде қайтарылады (босатылады):

1) қатысушы аукциондық сауда-саттық қорытындысына сәйкес аукциондық сауда-саттық жеңімпазы болып табылмаса;

2) аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы сатып алу шартын жасаса және сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді енгізсе.

3) аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы сатып алу шартын жасасып, қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарында барлау жұмыстарын жүргізуге арналған қаржылық қамтамасыз етуді енгізді.

60. Егер аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы сатып алу шартын жасасудан жалтарса және (немесе) сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз етуді осы Қагидалардың 52 және 54-тармақтарына сәйкес ұсынбаса, қаржы-есеп айырысу орталығы тиісті банктік кепілдік немесе резервтік аккредитив бойынша ақы төлеуге талап қояды.

61. Қаржылық қамтамасыз ету аукциондық сауда-саттық өткізген күннен бастап кемінде 150 (бір жүз елу) күнтізбелік күнге жарамды мерзімге ресімделеді және қайтарып алуға болмайтын болып табылады.

62. Банк қаржылық қамтамасыз етуді қаржы-есеп айырысу орталығы мынадай құжаттарды ұсынған кезде орындаиды (ұстайды):

1) қаржы-есеп айырысу орталығының уәкілетті тұлғасы қол қойған және қаржы-есеп айырысу орталығы мөрінің баспа таңбасымен куәландырылған борышкеге тұлғаның міндеттемелерін орындауы туралы қағаз түріндегі өтініші;

2) осы Қагидаларға сәйкес өтеу сомасы көрсетілген төлемге талап.

63. Қаржылық қамтамасыз етумен байланысты барлық банктік, соның ішінде Алушы (бенефициар) банктің комиссиялары мен шығыстарын борышкеге тұлға төлейді.

64. Банктік кепілдік немесе резервтік аккредитив аукционға қатысуга өтінімнің қамтамасыз етілуі ретінде Қазақстан Республикасының резидент-банктері тарапынан ұсынылады, олардың шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі Standard & Poor's бойынша "B" деңгейінен төмен болмауы тиіс немесе Fitch бойынша "B-" немесе Moody's Investors Service бойынша "B3" деңгейінен төмен болмауы тиіс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының резидент-банкіндегі ата-ана ұйымының рейтингі Standard&Poor's бойынша "BBB", Fitch бойынша "BBB" немесе Moody's Investors Service бойынша "Baa2" деңгейінен төмен болмауы тиіс.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының резиденті емес банктерден банк кепілдігін немесе резервтік аккредитивті резидент банктер резидент емес банктердің контрол-міндеттемелеріне кепілдеме шығару жолымен растауы тиіс.

Standard & Poor's, "BBB" Fitch "Baa2" бойынша Moody's InvestorService бойынша "BBB"-тен төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі,

Қазақстан Республикасының резидент емес-банктері, тиісті қарсы міндеттемелерді шығаруыз банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив шығаруы мүмкін.

8-параграф. Қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібі

65. Сауда сессиясы барысында осы Қағидалардың 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген аукциондық сауда-саттыққа қатысуышыларға мынадай ақпарат ашық:

- 1) уәкілетті орган бекіткен Графикте көрсетілген аукциондық сауда-саттықты сипаттайтын жалпы ақпарат;
- 2) қатысуышының барлық параметрлері бар аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берген өтінімі (бағасы, өтінім беру уақыты);
- 3) аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген өтінімдерде көрсетілген ең төмен баға (көлемін көрсетпестен).

66. Сауда сессиясы барысында құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттыққа қатысуышыларға мынадай ақпарат ашық:

- 1) уәкілетті орган бекіткен Графикте көрсетілген аукциондық сауда-саттықты сипаттайтын жалпы ақпарат;
- 2) қатысуышының барлық параметрлері бар аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берген өтінімі (бағасы, өтінім беру уақыты);
- 3) бағаны көрсете отырып, сауда-саттыққа қатысуышылар берген өтінімдер.

67. Ұйымдастыруши баға есебін мынадай шарттар орындалған кезде жүргізеді:

- 1) сатуға арналған аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдердің белгіленген қуатының жиынтық көлемі белгіленген қуатқа сұраныс көлемінің кемінде 130 %-ы;
- 2) аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін сауда жүйесіне өтінім берген қатысуышылардың саны кемінде екеу болуы тиіс;

Жоғарыда көрсетілген шарттар орындалмаган жағдайда Ұйымдастыруши баға есебін жүргізбейді, сауда сессиясының жабылу уақыты өткенге дейін сауда-саттықты жабады және сауда-саттықты өтпелі деп жариялады.

Осы тармақтың 1) тармақшасының ережесі судың гидродинамикалық энергиясын, тұтыну қалдықтарын, биомассаны, биогазды және электр энергиясын өндіру үшін қалдықтардан алынатын өзге де отынды пайдаланатын объектілерді салу жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттыққа қолданылмайды.

68. Қатысуышылардың аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерінен Ұйымдастыруши онда көрсетілген бағалардың өсу ретімен қалыптастырылған сараланған тізімді жасайды.

69. Осы Қағидалардың 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген аукциондық сауда-саттықта жеңімпаздардың алдын ала тізімін анықтау сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қабылдау уақыты аяқталғаннан кейін, сұраныс толық қанағаттандырылғанға дейін мәлімделген

бағалардың өсу тәртібімен оларды сараланған тізімнен дәйекті іріктеу жолымен жүзеге асырылады.

70. Құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттықта жеңімпазды анықтау аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді сауда-саттық сессиясына қабылдау уақыты аяқталғаннан кейін ең төмен бағамен бір өтінімді таңдау жолымен жүзеге асырылады.

71. Осы Қағидалардың 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген аукциондық сауда-саттықтың алдын ала жасалған жеңімпаздар тізімінде техникалық талаптары орындалмайтын, яғни көрсетілген қосылу нүктесі бойынша жалпы өтінімдердің көлемі рұқсат етілген ең жоғары қуат көлемінен және/немесе қосылуға болатын мүмкін қосылымдар санынан асып кеткен бірнеше алдын ала қанағаттандырылған өтінімдер болған жағдайда, аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінімдер алдын ала жасалған жеңімпаздар тізімінен бағаның кему тәртібімен алынып тасталады – бұл қосылу нүктесі бойынша белгіленген ең жоғары қуат көлемі мен қосылу мүмкіндіктері санына сәйкестікке қол жеткізілгенге дейін жүзеге асырылады.

72. Аукциондық сауда-саттық бір қосылудың техникалық мүмкіндігімен өткізілген кезде, сауда сессиясында Графикте көрсетілгенге тең белгіленген қуаттың көлеміне аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер қабылданады.

73. Егер жеңімпаздардың алдын ала тізімінен осы Қағидалардың 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға соңғы талап етілген өтінім бар сұраныс кезінде толық қанағаттандырылмаса, онда сауда-саттық өткізу кезінде мынадай шарттар қолданылады:

1) егер аукциондық сауда-саттыққа қатысуға соңғы талап етілген өтінімнің қанағаттандырылған көлемі оның мәлімделген көлемінен 50 %-ынан немесе одан көп болса, онда аукциондық сауда-саттыққа қатысуға мұндай өтінім сауда-саттық қорытындылары бойынша толық көлемде не қосылу нүктесінің ең жоғары рұқсат етілген көлемін шектеу шамасынан аспайтын көлемде қанағаттандырылады. Бұл ретте, үәкілетті орган жариялаған белгіленген қуатты іріктеу көлемі сараланған тізімнен аукциондық сауда-саттыққа қатысуға соңғы талап етілген өтінімнің қанағаттандырылмаған қалдығының (не оның бір бөлігінің) шамасына ұлғайтылатын болады;

2) егер аукциондық сауда-саттыққа қатысуға соңғы талап етілген өтінімнің қанағаттандырылған көлемі оның мәлімделген көлемінің 50 % -ынан кем болса, онда аукциондық сауда-саттыққа қатысуға мұндай өтінім белгіленген қуаттың ең аз рұқсат етілген көлемі туралы шартқа тексеріледі.

74. Осы Қағидалардың 71, 72 және 73-тармақтарында көрсетілген шарттарды тексергеннен кейін Ұйымдастырушы осы Қағидалардың 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген аукциондық сауда-саттық жеңімпазын (жеңімпаздарын) анықтайды және оларды аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізіліміне енгізеді

. Бұл ретте аукциондық бағалар аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген өтінімдерде көрсетілген бағалар бойынша айқындалады.

75. Гидродинамикалық су энергиясын, биомассаны, биогазды және электр энергиясын өндіру үшін органикалық қалдықтардан алынатын өзге де отынды пайдаланатын жобаларды іріктеу жөніндегі құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздары осы Қағидалардың 29-тармағының 7) және 8) тармақшаларына және 30-тармағының 9) және 10) тармақшаларына сәйкес қайта жүктелген құжаттармен құнтізбелік жылға арналған аукциондық сауда-саттықты өткізу графигінде көрсетілген кейінгі аукциондық сауда-саттыққа жіберілмейді.

76. Ұйымдастырушы өткізілген аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) сағат ішінде Қатысушыларға өткізілген аукциондық сауда-саттық қорытындысы туралы электрондық түрде хабарлама жібереді . Қатысушыларға жазбаша хабарламалар келесі жұмыс күні Астана уақыты бойынша сағат 18-00-ден кешіктірілмей жіберіледі.

77. Аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімі сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) сағат ішінде аукциондық бағалар мен аукциондық сауда-саттық барысында іріктелген ЖЭК пайдалану объектілерінің белгіленген қуат көлемін көрсете отырып, Ұйымдастырушының веб-сайтында жарияланады.

78. Есеп айырысу-қаржы орталығының құжаттаманы әзірлеушінің құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттық жеңімпазының меншігіне беруі тиісті сатып алу-сату шартын жасасу жолымен жүзеге асырылады.

Ілеспе салықтарды қоса алғанда, құжаттаманы әзірлеуге арналған шығындарды жобалық аукциондық сауда-саттық жеңімпазы есеп айырысу-қаржы орталығына аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тиісті тізілімі жарияланған күннен бастап құнтізбелік 30 күн ішінде өтейді (төлейді).

79. Ұйымдастырушы сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей өткізілген аукциондық сауда-саттықтың өткізу тәртібі ашып көрсетілген және сауда жүйесіне берілген барлық өтінімдер тұратын толық ақпаратты көрсете отырып, аукциондық сауда-саттық қорытындысын және Аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімін қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді.

80. Уәкілетті орган Ұйымдастырушыдан Аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімін алған сөттен бастап, 5 (бес) жұмыс күні ішінде аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарын ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесіне және құнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ЖЭК пайдалану объектілерін орналастыру жоспарына енгізеді.

Бұл ретте сауда-саттықтың жеңімпазы жазбаша өтініш берген жағдайда уәкілетті орган қолданыстағы гидротехникалық құрылыштарды реконструкциялай отырып, судың гидродинамикалық энергиясын пайдаланатын объектілер үшін жобаның атауын өзгертуге қатысты энергия өндіруші ұйымдардың тізбесіне өзгерістер енгізе алады.

Бұл ретте аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздары ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесіне енгізілгеннен кейін құнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде қаржы-есеп айырысу орталығымен сату шартын жасасу үшін өтінім береді.

9-параграф. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу

81. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жергілікті атқарушы органдарға қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіні тиісті өнірде енгізу және осы Қағидалардың 82-тармағында көзделген энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілерді салу жөнінде ақпарат беру қажеттігі туралы хабарлама жібереді

82. Жергілікті атқарушы органдар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға бір ай мерзімде жазбаша түрде мынадай ақпаратты жібереді:

1) Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес техникалық сипаттамаларын ескере отырып, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазына жер участасын резервтеу және беру (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі салынуы жоспарланған объектілер үшін) туралы кепілдік хат;

2) электр желілеріне қосудың ең жақын нүктесіне ие энергия беруші ұйым туралы ақпарат;

3) түзілетін қалдықтардың көлемі.

83. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган энергия беруші ұйымдарға және Жүйелік операторға белгілі бір өнірде қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық үшін электр желілеріне қосудың ықтимал нүктелері туралы ақпаратты ұсыну қажеттігі туралы сұрау салуды жібереді.

Энергия беруші ұйымдар сұрау алынған сәттен бастап құнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға көрсетілген өнірдегі электр желілеріне ең жақын қосылу мүмкіндігі туралы ақпарат береді және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазы үшін электр желісіне қосудың осы нүктесін резервке қояды.

Электр желілеріне қосылу мүмкіндігі туралы ақпаратты ұсынған сәттен бастап қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық аяқталғанға дейін энергия беруші ұйымдар электр желісіне резервтелген қосу нүктелері бойынша электр желісіне қосуға арналған техникалық шарттарды алуға өтінімдерді қабылдауды тоқтата тұрады.

84. Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жергілікті атқарушы органдар өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру жөніндегі объектілерді салуға

жер участеклерін бөледі және энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілерді салуға арналған жер участеклерін жеңімпаздарға жер участексіне аукциондық сауда-саттық берген кезге дейін резервте сақтайды.

85. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Қағидалардың 82 және 83-тармақтарында көрсетілген ақпаратты алғаннан кейін құнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде Ұйымдастырушыға аукциондық сауда-саттық өткізу үшін мынадай ақпаратты жібереді:

1) Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрі міндетін атқарушының 2021 жылғы 10 тамыздағы № 321 бұйрығымен (бұдан әрі - № 321 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23936 болып тіркелген) бекітілген Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесін қалыптастыру қағидаларында айқындалған энергетикалық кәдеге жарату объектілерін енгізу үшін елді мекендердің топтары бойынша;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген топтың әрбір елді мекеніндегі жер участеклерін резервтеу жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың құжаттары бойынша;

3) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды енгізу болжанатын, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген топтың әрбір елді мекенінде түзілетін қалдықтардың көлемі туралы;

4) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды енгізу болжанатын, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген топтың әрбір елді мекені үшін электр желілеріне қосудың таяу нұктелері туралы;

5) әр топ бойынша шекті аукциондық баға туралы;

6) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі болжамды объектілердің белгіленген қуаты туралы;

7) аукциондық сауда-саттықты өткізу күні мен мерзімі, құжаттарды қабылдау мерзімі және өтінім берушілерді аукциондық сауда-саттықта тіркеу, сондай-ақ сауда сессиясын өткізу күні мен мерзімі туралы.

Бұл ретте сауда сессиясын өткізу күні Ұйымдастырушы осы тармақта көрсетілген ақпаратты алған сәттен бастап кемінде 2 (екі) ай бұрын айқындалады.

86. Энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілерді салу жөніндегі ақпаратты алғаннан кейін Ұйымдастырушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны өзінің интернет-ресурсында, сондай-ақ өтінім берушілерді аукциондық сауда-саттықта тіркеу және құжаттарды қабылдау шарттары мен мерзімдерін орналастырады.

87. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттыққа дайындық осы Қағидалардың 17-тармақтың 5) тармақшасын және 58-тармақты қоспағанда, 10, 11, 14, 15, 16, 17 және 27-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

88. Осы Қағидалардың 27-тармағына сәйкес Ұйымдастырушы осы Қағидалардың 85-тармағына сәйкес ұсынылған ақпарат мәтіні орналастырылған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде сауда жүйесінің деректер базасында құжаттарды қабылдауды және өтінім берушілерді тіркеуді жүргізеді.

89. Ұйымдастырушы құжаттарды қабылдау және өтінім берушілерді тіркеуді аяқталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға Ұйымдастырушының сауда жүйесінің деректер базасында тіркеуден өткен аукциондық сауда-саттыққа қатысуышылдардың тізімін жібереді және Ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастырады.

90. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу жөніндегі аукциондық сауда-саттыққа қатысуышылар № 321 бұйрығымен бекітілген Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесіне енгізу үшін құжаттарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жібереді.

91. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесін қалыптастыру мәселелері жөніндегі Комиссия 1 (бір) айдан аспайтын мерзімде қатысуышылар ұсынған құжаттарды қарайды, шешім қабылдайды және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесін сауда сессиясы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей Ұйымдастырушыға жібереді.

92. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру осы Қағидалардың 34, 35, 36, 38-тармақтарына, 39-тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына және 40, 41, 45, 46 және 47-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

93. Ұйымдастырушы аукциондық сауда-саттық ашылғанға дейін сауда жүйесіне осы Қағидалардың 85-тармағында көрсетілген ақпаратты енгізеді, сауда сессиясы ашылғанға дейін сауда жүйесіне қаржы-есеп айырысу орталығынан алынған аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қаржылық қамтамасыз ету шамалары туралы ақпаратты енгізеді.

94. Аукционға қатысуға өтінімді қаржылық қолдау түрлері және олардың қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша сауда-саттыққа кіру және қайтару шарттары осы Қағидалардың 33, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 59, 60, 61, 62, 63 және 64-тармақтарына сәйкес регламенттеледі.

95. Қатысуға арналған аукциондық сауда-саттыққа өтінімді қаржылық қамтамасыз ету мөлшері осы Қағидалардың 85-тармағының 6) тармақшасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ұсынған ақпаратта көрсетілген қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектінің белгіленген қуатына көбейтілген, белгіленген қуаттың 1 (бір) киловаттына - 5000 (бес мың) теңгені құрайды.

96. Сауда сессиясына қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші үйымдардың тізбесіне енгізілген аукциондық сауда-саттыққа қатысушылар қатысады.

Сауда сессиясы барысында аукциондық сауда-саттыққа қатысушыларға мынадай ақпарат ашық:

- 1) осы Қағидалардың 85-тармағында көзделген ақпарат;
- 2) қатысушының оның барлық параметрлерімен берген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімі (бағасы, өтінімді беру уақыты);
- 3) баға көрсетілген сауда-саттыққа қатысушылар берген өтінімдер.

97. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық қорытындыларын шығару және женімпаздарын айқындау тәртібі осы Қағидалардың 67, 68, 70, 76, 77 және 80-тармақтарына сәйкес регламенттеледі.

98. Ұйымдастыруши сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей аукциондық сауда-саттықты өткізу тәртібін кезең-кезеңімен ашып көрсете отырып және сауда жүйесіне берілген барлық өтінімдер туралы толық ақпаратты және аукциондық сауда-саттық женімпаздарының тізілімін көрсете отырып, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша өткізілген аукциондық сауда-саттық қорытындыларын қалыптастырады және қоршаған ортаны корғау саласындағы уәкілетті органға жібереді.

99. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық женімпаздары оларды аукциондық сауда-саттық женімпаздарының тізіліміне енгізгеннен кейін күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі әрбір жекелеген обьект бойынша қаржы-есеп айырысу орталығымен сатып алу-сату шартын жасасу үшін өтінім береді.

100. Аукциондық сауда-саттықты өткізу Сауда-саттықты ұйымдастыруышыда мынадай мән-жайлар туындаған жағдайда сауда-саттық сессиясы ішінде 30 (отыз) минутқа дейінгі кезеңге тоқтатыла тұруы мүмкін:

1) сауда жүйесінің толық немесе ішінара жұмыс істемеуіне әкеп соққан сауда жүйесіндегі техникалық ақаулар және (немесе) іркілістер;

2) Интернет желісі байланыс арналарының техникалық ақаулары;

3) сауда залын және (немесе) сауда жүйесінің серверлік жабдығын электрмен жабдықтаудағы үзіліс (30 (отыз) минутқа дейінгі кезеңге).

101. Аукциондық сауда-саттықты өткізуді тоқтата тұрган кезде Ұйымдастыруыш сауда-саттық жүйесінде көрсетілген Қатысушының электрондық поштасы арқылы аукциондық сауда-саттықты өткізу процесі қалпына келтірілетін уақытты көрсете отырып, сауда-саттықты тоқтата тұру себебі туралы Қатысушыларды жедел хабардар етеді

102. Аукциондық сауда-саттықты өткізу мынадай мән-жайлар туындаған жағдайда Сауда-саттықты ұйымдастырушының актісімен жойылуы мүмкін:

1) осы Қағидалардың 100-тармағында көрсетілген техникалық ақауларды жоюға 30 (отыз) минуттан астам уақыт қажет;

2) сауда залын және (немесе) сауда жүйесінің серверлік жабдығын электрмен жабдықтауда ұзак (30 (отыз) минуттан астам кезеңге) үзіліс.

3) аукциондық сауда-саттықты өткізуге кедергі келтіретін, Сауда-саттықты ұйымдастырушының іс-әрекетіне және (немесе) әрекетсіздігіне байланысты емес мән-жайлардың басталуы.

103. Аукциондық сауда-саттықты осы Қағидалардың 63-тармағында көрсетілген себептер бойынша тоқтатқан жағдайда, аукциондық сауда-саттық екінші қайтара аукциондық сауда-саттықты өткізу күнінің келесі жұмыс күні өткізіледі.

104. Егер аукциондық сауда-саттық осы Қағидалардың 67-тармағында көрсетілген себептер бойынша өтпеді деп жарияланған жағдайда, Ұйымдастыруши бұл туралы уәкілетті органды осы Қағидалардың 67-тармағында белгіленген тәртіппен хабардар етеді.

Қайталама аукциондық сауда-саттық аукциондық сауда-саттық өткізілмеген деп жарияланған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей бір реттен көп емес өткізіледі.

Осы Қағидалардың 67-тармағында көрсетілген себептер бойынша қайталама аукциондық сауда-саттықтар өткізілмеді деп жарияланған кезде Ұйымдастыруши қайталама аукциондық сауда-саттықтар өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінім берушіге Ұйымдастырушының көрсеткен қызметтеріне төленетін ақыны қайтаруды жүзеге асырады.

Осы Қағидалардың 67-тармағында көрсетілген себептер бойынша өтпеген деп жарияланған алдыңғы аукциондық сауда-саттықтарға бұрын қатысқан қатысуышылар қайталама аукциондық сауда-саттықтарға қатысқаны үшін Ұйымдастырушының көрсеткен қызметтеріне ақы төлеуді жүргізбейді.

Аукциондық сауда-саттықты өткізу күнін уәкілетті орган айқындайды және ол туралы қайталама аукциондық сауда-саттықты өткізу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей уәкілетті органның және ұйымдастырушының интернет-ресурсында жариялайды.

Құжаттарды қабылдауды және өтініш берушілерді қайталама аукциондық сауда-саттықта тіркеуді Ұйымдастыруши осы Қағидаларға сәйкес жүргізеді және қайталама аукциондық сауда-саттықты өткізу басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын тоқтатады.

105. Аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу барысында туындаитын даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

койылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, корытынды шығару және женімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қафидаларына

1-қосымша

Нысан

Аукциондық сауда-саттықты өткізу графигі

										Жобаның белгіленген куатының 1 кВт есебінен сатып алу шартының талаптарын орындайды қаржылық қамтамасыз ету	
Сауда-саттықтың құні (айы)	Сауда-саттыққа қатысушыл уақыты (Астанада каласы мен) (айы)	Аукциондық сауда-саттыққа қатысушыл уақыты (Астанада каласы мен) (айы)	БЭЖ (тізіліміне ие енгізу үшін құжаттар тарқабылдауда кезеңі)	Аукциондық сауда-саттыққа қатысушыл уақыты (Астанада каласы мен) (айы)	Сатып алына тиң белгілі енген куат	Шекті аукциондық бағашамасы, тг/кВт*, МВт	Пайдалануга енгізу талап етілетін күн, шарттың қолданылу мерзімі	Жобаның белгіленген куатының 1 кВт есебінен аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету	Жобаның белгіленген куатының 1 кВт есебінен сатып алу шартының талаптарын орындайды қаржылық қамтамасыз ету	Аукциондық сауда-саттыққа қатысушыл уақыты (Астанада каласы мен) (айы)	

шагын 0,1-ден 10 МВт дейін қоса алғанда (0,75 МВт басталатын ЖЭС үшін)

ірілері 10 МВт және одан жоғары

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін салу үшін жоспарланатын резервтелген жер участкерлері туралы ақпараты бар 1-кесте:

p/c №	Облыс	Аудан	Елді мекен	Жер ауданы, гектар	Жер санаты
-------	-------	-------	------------	--------------------	------------

Электр желілеріне қосу нұктелері бойынша барынша рұқсат етілген қуат және болжамды қосу саны көрсетілген энергия беруші үйымның электр желілеріне қосылу мүмкіндігі туралы ақпараты бар 2-кесте:

Ескертпе:

осы қосымшада қолданылатын аббревиатуралардың толық жазылуы:

БЭЖ – біртұтас энергетикалық жүйе;

ЖЭК – жаңартылатын энергия көздері;

ЖЭС – жел электр станциялары;

ЭБЖ – электр беру желілері;

МВт – мегаватт:

кВт – киловатт:

тг/кВт*сағ – тенге/киловатт*сағат.

Аукционға қатысушыларға
көйілатын біліктілік
талаптарын, өтінімнің мазмұнын
және оны беру тәртібін,
аукционға қатысуга арналған
өтінімді қаржылық қамтамасыз
ету түрлерін және оларды енгізу
мен қайтару шарттарын,
корытынды шығару және
жеке паздарды анықтау тәртібін
қамтитын аукциондық
сауда-саттықты ұйымдастыру
мен откізу қағидаларына

20 жылғы " " № аукциондың сауда-саттық женімпаздарының тізілімі

Ескертпе:

осы қосымшада қолданылатын аббревиатуралардың оқылуы:

ЖЭК – жаңартылатын энергия көздері;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

тг/кВт*сағ – теңге/киловатт*сағат;

кВт – киловатт.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК